

2024-2025 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыру» бақылау нәтижесі туралы
АНЫҚТАМА

Бақылау тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыру»

Бақылау мақсаты: Тәрбие жұмысының басымдықтарын және сапасын анықтау

Бақылау объектісі: Сынып жетекшілерінің жұмысы

Бақылау субъектісі: анықтама

Бақылау түрі: Фронталды

Бақылау нысаны: жоспар

Бақылау әдістері: Жоспардың орындалуын бақылау, талдау

Жауаптылар: ДТЖО

Орындау мерзімі: қыркүйек айы

Қорытындысы:

2024-2025 оқу жылы бойынша біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде сынып жетекшілерінің жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Тәрбие жұмысы барысында оқушылардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына назар аударылды. Жоспарланған іс-шаралар уақытында орындалып, олардың сапасы талапқа сай болды. Оқушылардың жас топтарына сәйкес тәрбиелік іс-шаралар әртүрлі бағытта ұйымдастырылған. Төменгі сынып оқушылары үшін ойын элементтерімен сабақтар өткізіліп, орта және жоғарғы сыныптарда сыни ойлау мен өмірлік дағдыларды қалыптастыруға арналған іс-шаралар жоспарланған. Оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Бұл бағыттар бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар бағдарламаның толықтай жүзеге асқанын көрсетеді. Оқушылар бағдарламалық іс-шараларға белсенді түрде қатысуда. Әсіресе, сынып жетекшілері мен тәрбиешілердің үйлесімді жұмысының арқасында оқушылардың қызығушылығы артқан. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қажеттіліктерін ескеру арқылы, мектепте тәрбиелік жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларына арналған іс-шаралар қарапайым әрі қызықты түрде болса, жоғарғы сынып оқушылары үшін мазмұны терең тақырыптар қамтылған.

Тәрбие бағдарламасы тиімді іске асырылуда. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған іс-шаралар оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуде. Алайда, кейбір сыныптарда әдістемелік қолдауды күшейту қажет.

Қорытынды ұсынысы:

- Тәрбие жұмысын одан әрі тиімді жүзеге асыру үшін сынып жетекшілері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануды жалғастыруы қажет.
- Оқушылардың белсенді қатысуын арттыру үшін топтық және жеке жұмыстарды жетілдіру ұсынылады.
- Жыл бойы жоспарланған іс-шаралардың орындалуын жүйелі бақылап, түзетулер енгізіп отыру қажет.

ДТЖО:



Аманхосов А.Ж.